



Құрметті аудан тұрғындары! Қадірлі жерлестер!

Сіздерді ұлттық мереке – Астана күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

Астана – Тәуелсіз Қазақстанның айбыны мен мақтанышы, халқымыздың бірлігі мен жарқын болашағының символы. Елордамыз аз ғана уақыт ішінде әлемге танылған заманауи шаһарға айналып, еліміздің саяси, экономикалық, мәдени және рухани орталығы ретінде қарқынды дамып келеді.

Астана күні – ел жетістіктерін дәріптеп, тәуелсіздігіміздің тұғырын нығайтатын, халқымыздың бірлігі мен ынтымағын айшықтайтын ерекше мереке. Бұл күн әрбір қазақстандықтың жүрегінде Отанға деген сүйіспеншілік пен ел болашағына деген сенімді арттыра түседі.

Бүгінде мемлекетіміздің өсіп-өркендеуіне, туған өлкеміздің дамуына өз үлесін қосып жүрген әрбір азаматтың еңбегі зор. Бірлігіміз бен татулығымыздың арқасында ауданымыздың әлеуметтік-экономикалық дамуы да қарқынды жалғасып келеді.

Осы айтулы мереке күні баршаңызға зор денсаулық, отбасыларыңызға амандық, бақ-береке, еңбектеріңізге толағай табыс тілейміз. Еліміз тыныш, Тәуелсіздігіміз тұғырлы, Астанамыздың мерейі әрдайым үстем болсын!

Б.Мұқанов
Нұра ауданының әкімі
Қ.Жүнісбеков

Нұра аудандық мәслихат төрағасы

Уважаемые жители района! Дорогие земляки!

От всей души поздравляем вас с государственным праздником – Днем столицы!

Астана – гордость и символ Независимого Казахстана, олицетворение единства народа и устремленности нашей страны в будущее. За короткий исторический период столица стала современным, динамично развивающимся городом, признанным во всем мире, политическим, экономическим, культурным и духовным центром нашей страны.

День столицы – это праздник, который объединяет всех казахстанцев, укрепляет чувство патриотизма, уважения к истории и достижениям нашего государства. Он символизирует созидательный труд, единство и стремление к новым успехам.

Сегодня каждый житель своим трудом вносит вклад в развитие нашей страны и родного района. Благодаря общим усилиям, взаимопониманию и сплоченности мы уверенно движемся вперед, создавая достойное будущее для новых поколений.

В этот праздничный день желаем всем крепкого здоровья, счастья, благополучия, мира, согласия и новых успехов во всех добрых начинаниях. Пусть процветает наша столица, крепнет независимость Республики Казахстан, а в каждом доме царят мир и достаток!

Б. Муқанов
Аким Нуринаского района
К. Жунусбеков
Председатель Нуринаского
районного маслихата

6 шілде - Астана күні

Астана – Тәуелсіз Қазақстанның мақтанышы



Астана – азат елдің айбынын танытқан, тәуелсіз Қазақстанның жарқын жетістіктерінің символы. Сарыарқаның сайын даласында бой көтерген елордамыз бүгінде әлемге танылған заманауи, көрікті өрі қарқынды дамып келе жатқан қалаға айналды.

Жыл сайын 6 шілдеде елімізде ерекше мереке – Астана күні аталып өтеді. Бұл күн – тәуелсіз Қазақстан тарихындағы маңызды кезеңді еске түсіретін, елорданың қалыптасуы мен дамуын дәріптейтін айтулы мереке. Астана бүгінде Қазақстанның саяси, экономикалық, мәдени және рухани орталығы, ел дамуының басты тірегі.

Елорданың тарихы тереңнен бастау алады. 1994 жылғы 6 шілдеде Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі елорданы Алматы қаласынан Ақмолаға көшіру туралы тарихи шешім қабылдады. Бұл шешім еліміздің болашақ дамуына бағыттаған маңызды қадам болды.

жалғасы 4-бетте

Нұра - Ақпарат

КОНСТИТУЦИЯ – ЕЛ ТІРЕГІ



Нұра ауданының әкімі Бақытжан Мұқановтың төрағалығымен Қазақстан Республикасының Конституциясының қоғам өміріндегі маңызы мен оның еліміздің дамуындағы рөлін кеңінен насихаттауға арналған «Жаңа Конституция – Өділетті Қазақстанның негізі» тақырыбында дөңгелек үстел өтті.

Іс-шараға аудан әкімдігі мен аудандық мәслихаттың өкілдері, құқық қорғау органдарының басшылары, мемлекеттік мекемелердің жетекшілері, қоғамдық кеңес мүшелері, ардагерлер, үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері және жастар қатысып, еліміздегі конституциялық реформалардың мәні мен маңызы

төңірегінде өз пікірлерін ортаға салды.

Дөңгелек үстелдің негізгі мақсаты – Жаңа Конституцияның қоғам өміріндегі рөлін кеңінен түсіндіру, оның негізгі қағидаттарын талқылау, заң үстемдігін қамтамасыз ету мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғаудағы маңызын жан-жақты саралау болды.

жалғасы 3-бетте

Бәрекелді!

Еңбегімен еңселі



Аудан экономикасының негізгі салаларының бірі – ауыл шаруашылығы.

Бұл сала – халықты азық-түлікпен қамтамасыз етіп қана қоймай, ауыл-аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуына серпін беретін маңызды бағыт. Егін егіп, мал өсіріп, жердің берекесін арттыру жолында аянбай еңбек етіп жүрген жандардың мандай тері мен қажырлы еңбегі әрдайым құрметке лайық.

жалғасы 3-бетте